

"Ұзынкөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 17 қарашадағы № 190 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Ұзынкөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Ұзынкөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Ұзынкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұзынкөл ауданы әкімінің аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл ауданының әкімі

А. Аужанов

Әкімдіктің

2022 жылғы 17 қарашадағы

№ 190 қаулысымен

бекітілген

"Ұзынкөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Ұзынкөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан кейін Бөлім) аудан әкімдігімен құрылған мемлекеттік басқарма органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексінде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген Ұзынкөл ауданы әкімінің құқықтық актілерімен ресімделетін шешімдерді қабылдайды, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының

Заңында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерімен, сондай-ақ осы ережемен реттеледі.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңына, сондай-ақ осы ережеге сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111800, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Мүсрепов көшесі, 14 үй.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Бөлім функциясы болып табылатын, кәсіпкерлік субъектілеріне тән міндеттерді орындауға енуге және келісім шарт қатынасуға бөлімге тиым салынады.

Егер бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) ауданның азық-түлік қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, агробизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру;

2) ауданның аграрлық секторын тиімді және оңтайлы қызмет етуін қамтамасыз ету;

3) қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарға өзара әрекеттесу.

14. Өкілеттіктер:

Құқықтары мен міндеттері:

1) Атқару биліктің басқа органдарымен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен әрекет етіп өз қызметін жүзеге асыруға;

2) Бөлімнің сұранымы бойынша заңнамен белгіленген тәртіпте жергілікті мемлекеттік басқару органдарынан және басқа ұйымдардан өз құзырының шегінде қажетті ақпараттық материалдарды алуға;

3) Заңды тұлғалармен және азаматтармен шарттар жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға, соттарда талапкер және жауап беруші ретінде болуға;

4) Бөлім құзырына жататын мәселелер бойынша аудан әкімімен қабылдайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар енгізуге;

5) Бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу үшін басқа ұйымдардың, басқармалардың және ведомстволардың мамандарын тартуға;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа құқықтары бар.

15. Функциялары:

1) бәсекеге қабілеттігі негізінде ішкі және сыртқы нарықтарға ауыл шаруашылығы өнімдерінің және олардың қайта өңдеу өнімдерін сату көлемін ұлғайту;

2) агроөнеркәсіп кешенін дамыту жоспарларды әзерлеуге және іске асыруға қатысу;

3) жылдамдатылған экономикалық өсу және ауыл шаруашылық өндірістің экспорттық потенциалының жоғарылатуы үшін инвестициялар тартуы;

4) ауыл шаруашылығы өндірістің экспорттық әлеуетін жоғарылату және экономикалық өсуін жеделдету үшін қаржы салымдарын тарту ауыл шаруашылығы өнімдерінің және қайта өңделген өнімдердің ішкі нарықтағы мониторингін өткізу, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі мониторингін жүргізу;

5) ауыл шаруашылығы өндірістің саласында үздік тәжірибелерді тарату;

6) агроөнеркәсіптік кешенін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру, маркетинг қызметінің дамытуда жәрдем көрсету;

7) ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы жағдайларды зерттеу және оларды ауылдық тауар өндірушілердің назарына жеткізу;

8) нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуы, ауыл шаруашылық өнімдерін бастауыш қайта өңдеуі, ауыл шаруашылығы өнімдерін сату жөніндегі көтерме және биржалық нарықтарын қызмет етуі және тауарлық нарықтардың маркетингі үшін жағдай жасау;

9) кадрлық әлеуетті талдау, мамандарда оның болжамын, кадрларды даярлау, біліктігі жоғарылату және қайта даярлау бойынша іс-шараларды жасау;

10) шағын несиелік ұйымдарды, ауылдық несиелік серіктестіктерді ұйымдастыру мәселелері бойынша агроөнер-кәсіптік кешенінің субъектілеріне жәрдем көрсету;

11) өзін-өзі қамтамасыз етуді ауданның өндірістік әлеует пен мүмкіндігін тиімді пайдалануға және артық өнімдерді сатуға жәрдем көрсету, ауданда өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерін сату жөнінде нарықтардың желілерін кеңейтуге мүмкіндік тудыру;

12) ауыл шаруашылықтық машина жасауды, машина-трактор станцияларының (сервис-орталықтар) лизингін және ауыл шаруашылықтық техникаларының көрмелерін дамыту мәселелері бойынша аймақтық семинар-кеңестерді өткізуге кеңестік көмек көрсету;

13) ауыл шаруашылықтық техникаларының, қосалқы бөлшектердің, жанар-жағармай материалдарының қолда бары және мұқтажы туралы мәліметтердің талдауын оларды сатып алуға көмек көрсету;

14) ауыл шаруашылықтық тауар өндірушілеріне ауыл шаруашылық өсімдіктердің ауруларына және зиянкестерге қарсы фитосанитарлық іс-шараларды өткізуге кеңестік көмек көрсету;

15) астық дақылдарының мониторингін жүргізу, астық қабылдау мекемелерімен тығыз байланыс жасау;

16) "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесімен, Ауыл шаруашылық министрлігінің аудандық, аймақтық басқармасымен, аудан жер қатынастар бөлімімен өзара ісқимыл жасайды;

17) ауданның агроөнеркәсіптік кешені басқару функцияларын ауылдар мен ауылдық округтердің әкімдіктері арқылы жүзеге асырады;

18) шаруашылықтар арасында өсімдіктерді міндетті сақтандыру жұмысын ұйымдастыру;

19) сақтандыру қорына қатысушылар мен агенттерден тейісті мәліметтер мен құжаттарды, өз жұмыстарын жүзеге асыру үшін сұраныс жасау және алу;

20) астықты сақтау жөніндегі қызметті лицензиялауға қатысу;

21) ведомствекалық статистикалық мәліметтер астың қабылдау бөлімдерін жинастыру;

22) тұқым сапасының біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында өтініштерді қабылдау, құжаттарды қарау;

23) өсімдіктерді қорғау төңірегінде іс-шаралар өткізу;

24) Қазақстан Республикасына қайшы келмейтін өзгеде функциялары.

3. Мемлекеттік органның, алқалы органдардың (бар болса) бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөліміне басшылықты Бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Бөлімінің бірінші басшысын Ұзынкөл ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Бөлім бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес меншік нысанына карамастан мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Бөлімінің атынан өкілдік етеді;

2) Бөлімінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Бөліміне сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетке бағытталған шараларды қолданады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;

4) Бөлімінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді және жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға дербес жауапты болады;

5) бұйрықтар шығарады;

6) қызметтік құжаттамаға қол қояды;

7) техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және Бөлімінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын, еңбек қатынастарының мәселелері оның құзыретіне жататын Бөлімінің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды, жұмыстан босатады, тәртіптік жазаға тартады және оларға мадақтау шараларын қолданады;

8) жеке тұлғалардың және заңды тұлғалар өкілдерінің жеке қабылдауын жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімінің жұмыс тәртібі Бөлімінің бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген жұмыс регламентіне сәйкес белгіленеді.

Бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ осы ережеге сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

19. Бөліміне Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ осы ережеге сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын басшысы басқарады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Бөлімнің Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленбесе, Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және

қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Бөлім қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.